

«Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының

әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №3

Уақыты: 10.01.2024 жыл

Әдістемелік кеңес төраіймы: Г.Бейсеева

Хатшы: Б.Сейткәрім

Катысқаны: 10

Күн тәртібіндегі:

1. Коршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы
2. Өткізілген іс-шаралар қорытындысы
3. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі жастан басталуы тиіс, себебі балалық шақтың осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсерде болады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсінік, яғни өсіп келе жатқан үрпақта жаңа экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтері қаланады.

Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтерінкі көңіл – күймен катар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытуып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабактаса жүргізу басшылыққа алғынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірітабиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде менгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша орталық менгерушісі өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәрбиелік іс-шаралар барлық топтарда өз дейгейінде өтті. Тәрбиелеу-білім беру процесінде жеке тұлға қалыптастыру бағытындағы барлық дағдылар толық қамтылған. Балалардың қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, коннитивтік дағдыларын қалыптастыруда жақсы жұмыстар атқарылған. Осы орайда барлық топ тәрбиешілерінің жұмыстарын атап көрсетуге болады. Алдағы уақытта осындағы ашық сабактарда жас мамандардың мұқият